**Түркістан обылысы Қазығұрт ауданы**

**Адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты**

**«Адель» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**Тақырыбы:** «Ұлағатты - ұстаз»

« Бәйтерек тобы»

**Тәрбиеші:**Найзабай Ақерке

2023-2024ж

**«Ұлағатты - ұстаз»**

**Тақырыбы:** **«Ұлағатты - ұстаз»**

**Мақсаты:** Ұстаз деген ұғымды балаларға түсіндіру. Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ұстаздар күніне арналған мерекені насихаттау.Балалардың тілдік, сөздік қорын байыту.

**Көрнекіліктер**:Мерекелік безендіру, тақырыпқа сай көрнекілік суреттер.

**Әдіс - тәсілдер:** көрнекілік, сөздік, сұрақ - жауап.

| Қызмет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық.** | **Шаттық шеңбер;**<br>Арайлап таң атты<br>Күн шапағы шашылды.<br>Сәлеметсіздерме,балалар,<br>Саламатсыздарме. ұстаздар!<br>. | Балалар орындарынан тұрып жарты шеңбер құрады. Қимылмен жасайды |
| **Ұйымдастыру - іздестіру.** | -Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қазір жылдың күз мезгілі.<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>-Күз мезгілінде үш ай бар.<br>-Қане атайықшы қандай-қандай?<br>-Қыркүйек, Казан, Қараша.<br>-Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>-Күз мезгілінде күн салқын болады, жапырақтар сарғайып түседі.<br>-Күз мезгілінде қандай мереке бар? | Балалар мұқият тындап, назарларын суретке аударады |

| | | |
|---|---|---|
| | - Білім күні.<br>-Жарайсыңдар балалар.Қарттар күні бар. Және осы күз мезгілінде болатын тағы бір мереке ұстаздар күні. Біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміздің тақырыбы осы мерекеге арналған «Ұлағатты-ұстаз» деп аталады.<br>Балалар, ұстаздар туралы қандай жыр шумақтар және мақал-мәтелдер білеміз? Қане, еске түсірейікші<br>-Жарайсыңдар балалар.<br>**Шығармашылық жұмыс**:<br>**1-топ**: «Әдемі гүл», жасау<br>**2-топ**:Жапырақтардың көленкесін табу.<br>**3-топ:** Пазл құрастыру<br>**4-топ:** Ата–әже бейнесін жасау<br>**Сергіту:**Оң қолымда білезік,<br>Сол қолымда білезік,<br>Саусағымда сақина<br>Санап көрші кәнекей,<br>Бір, екі, үш (2 рет)<br>Демаламыз жинап күш.<br>-Жарайсыңдар балалар<br>Балалар өткен оқу қызметімізде өз ұзтаздарымызға арнап сыйлықтар дайындадық соларды табыстайық.<br>**Ұстаздар күніне көрініс:**<br>Мұғалім:Назерке<br>Оқушылар:Сұңқар<br>Айдана | **Назерке:** Ұстазым менің Ұстазым<br>Анашыма ұқсадың<br>Күлімсірей қарап көзіме<br>Қағаз, қалам ұстаттың<br>**Нұрсая:** Ұзтаз,ана болды ол<br>Әрқашан да біздерге<br>Бар балаға берді ол<br>Қуанышпен өнеге<br>**Бекасыл:**Ақырын жүріп, анық бас,<br>Еңбегің кетпес далаға.<br>Ұстаздық қылған жалықпас,<br>Үйретуден балаға.<br>**Жомарт:**Білімнің кәусар бұлағын,<br>Жүресің құйып санама<br>Біз үшін сенсің, мұғалім,<br>Ұстаз да, ғалым, дана да..<br>**Сұңқар:** Қолыма қалам ұстатып,<br>Білім берген ұстазым.<br>А мен Б-ны үйретіп,<br>Сусындатқан ұстазым.<br>**Ерасыл:** Келгенімде алдыңа<br>Қызыл-жасыл гүл алып,<br>Жақын тарттың жаныңа,<br>"Шәкіртім" деп қуанып<br>**Нұрислам:** Ұстаз деген – жарық күні ғаламның,<br>Ұстаз деген – анасы ол адамның.<br>Сен де одан адам болып жаралдың.<br>**Архат**: Қына тасқа бітеді,<br>Білім басқа бітеді.<br>**Даяна:** Білегі күшті бірді жығады, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Білімі күшті мыңды жығады.<br>**Асқар:** Ана сүті бой өсіреді,<br>Ана тілі ой өсіреді<br>**Нұрым:** Атпаз көрген ат таныр,<br>Ұстаз көрген хат таныр<br>**Жансу**: Оқу білім азығы<br>Білім-ырыс қазығы.<br>**Айдана:** Ұққаның жақсы болса<br>Жақының көбейеді.<br>Ұстазың жақсы болса<br>Ақылың көбейеді.<br>**Асылжан**: Жердің сәні - егін,<br>Ердің сәні - білім.<br>**Сафия:**Ақыл азбайды<br>Білім тозбайды<br>**Димаш:** Атасы бардың жорғасы бар,<br>Әжесі бардың дорбасы бар.<br>**Айым:**Аталар сөзі – ақылдың көзі<br>**Қасымхан**:Шәкірті зейінді келеді<br>Ұстазы бейілді болса<br>**Нұркеңес:**Ұстаз талантты болса<br>Шәкірті талапты болады<br>**Қасымхан**:Ұстазы жақсының<br>Ұстамы жақсы |
| **Рефлексиялық**<br><br>**түзетушілік** | Жарайсыңдар ендеше біздің бүгінгі«Ұлағатты - ұстаз» атты ашық сабағымыз аяқталды. | Тәрбие сағатын қорытындылау |